

Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру, оларды тоқтата тұру және олардан айыру қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы № 25 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылды 12 сәуірде № 9324 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысымен

**Ескерту.** Қаулының күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**Ескерту.** Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.10.2016 № 258 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру, оларды тоқтата тұру және олардан айыру қағидалары бекітілсін.

**Ескерту.** 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.10.2016 № 258 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы

К. Келімбетов

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2014 жылғы 26 ақпандағы  
№ 25 қаулысымен бекітілген

**Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру, оларды тоқтата тұру және олардан айыру қағидалары**

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.10.2016 № 258 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Осы Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру, оларды тоқтата тұру және олардан айыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі – Зәң), "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру, оларды тоқтата тұру және олардан айыру тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2018 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға үміткер заңды тұлға (бұдан әрі - өтініш беруші) лицензия алу үшін "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрондық өтініш ;

2) жарғының электрондық көшірмесі;

3) өтініш берушінің жарғылық капиталының ең аз мөлшерін төлегендігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

4) құжаттарды берген күннің алдындағы күндегі жағдай бойынша 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша акционер (қатысушы) туралы мәліметтерді (заңды тұлға үшін) және Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша акционер (қатысушы) туралы мәліметтерді (жеке тұлға үшін) электрондық құжат түрінде;

5) Қазақстан Республикасының резиденті емес өтініш берушінің қатысушысы (акционері) шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын және резидент емес заңды тұлғаны тіrkеген орган, тіркеу нөмірі, тіркелу күні және орны туралы ақпарат қамтылатын, нотариат

куәландырған мемлекеттік және орыс тілдерінде аудармасы бар сауда тізілімінен заңдастырылған көшірме немесе басқа заңдастырылған құжаттың электрондық көшірмесі;

6) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14784 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 305 қаулысымен бекітілген Қаржы үйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларына және келісім алу үшін қажетті құжаттардың тізбесіне сәйкес басшы қызметкерлерді келісу үшін ұсынылатын құжаттардың электрондық көшірмелері;

7) қызметкерлердің тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, олардың атқаратын лауазымы көрсетіле отырып, штат кестесі электрондық құжат түрінде;

8) бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру бойынша міндеттер жүктелетін құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер электрондық құжаттар түрінде;

9) өтініш берушіде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдарының және өзге де жабдықтарының болуын растайтын мынадай құжаттардың электрондық көшірмелері:

жабдықты жеткізу шарты;

жабдықты қабылдау-өткізу актісі;

лицензиялардың санын көрсете отырып бағдарламалық қамтамасыз етуді өзірлеу және (немесе) жеткізу шарты;

бағдарламалық қамтамасыз етудің қабылдау-өткізу актісі;

корғауды және қауіпсіздікті үйімдастыру құжаттары (ақпаратты резервтеу тәртібінің сипаттамасы, деректерге қол жетімділікті бөлу тетігінің сипаттамасы, қалпына келтіру жоспары, ішкі бақылау тетіктері).

Өтініш беруші бағдарламалық өнімді дербес өзірлеген не басқа тұлға бағдарламалық өнімді өтініш берушіге өтеусіз тапсырған жағдайда осы тармақшаның екінші, үшінші, төртінші, бесінші абзацтарында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды.

Сондай-ақ, ұсынылған құжаттарда мынадай ақпарат көрсетіледі: пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етудің атауы (серверлік операциялық жүйелер, деректер базасын басқару жүйелері) версиялар, лицензияның болуы туралы мәліметтер.

Құжаттардың көшірмелері өтініш берушінің бірінші басшысының қолымен куәландырылады;

10) өтініш беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы бухгалтерлік баланс электрондық құжат түрінде;

11) ағымдағы жылы құрылған акционерлік қоғамдарды қоспағанда, өтініш беруші атқарушы органдың бірінші басшысы және оның бас бухгалтері қол қойған, аудиторлық есеппен расталған соңғы аяқталған жылға өтініш берушінің қаржылық есептілігінің электрондық қөшірмесі;

12) сауда-саттықты ұйымдастырушиның қызметтерін пайдаланатын субъектілермен сауда-саттықты ұйымдастырушиның өзара қарым-қатынасын айқындайтын бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру қызметін жүзеге асырудың ішкі қағидаларының электрондық қөшірмесі (бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру қызметін жүзеге асыруға лицензия алуға үміткер өтініш берушілер үшін) электрондық құжат түрінде;

13) клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектілермен клиринг ұйымының өзара қарым-қатынасын айқындайтын қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асырудың ішкі қағидаларының (қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру үшін лицензия алуға үміткер өтініш берушілер үшін) электрондық құжат түрінде.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 263 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2-1. Уәкілетті орган "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен:

Қазақстан Республикасының резиденті-жеке тұлғаның жеке басын куәландаратын;

Қазақстан Республикасының резиденті-жеке тұлғада алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін раставтын;

Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) жөніндегі құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.

**Ескерту. Қағида 2-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2018 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**3. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 263 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. Лицензия алу үшін ұсынылған құжаттарды уәкілетті орган Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін құжаттарды ұсынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қарайды.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.10.2016 № 258 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығына қатысушы ретінде тіркелген заңды тұлғалардың лицензия алу үшін ұсынған құжаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес құжаттарды ұсынған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды. Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығына қатысушы ретінде тіркелген заңды тұлғалар уәкілетті органға олардың Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығына қатысушы ретінде мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттарды ұсынады.

5. Бағалы қағаздаррының қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2018 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

6. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2018 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды тұлға (бұдан әрі - лицензиат) бағалы қағаздар нарығындағы қызметтің қосымша түрін жүзеге асыруға лицензия алу үшін Қағидалардың 2-тармағының 1), 2), 10), 12), және 16) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

8. Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген сауда-саттықты ұйымдастырушы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыруға лицензия алу үшін осы Қағидалардың 2-тармағының 1), 2), 17), 18) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қосымша ұсынады.

8-1. Сақтандыру ұйымы бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін уәкілетті органға Сақтандыру қызметі туралы заңның 37-бабы 7-3-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

**Ескерту. Қағида 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2018 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

9. Лицензиатқа бағалы қағаздар нарығындағы қосымша қызмет түрін жүзеге асыруға берілетін лицензия төмендегі талаптармен беріледі:

1) бағалы қағаздар нарығында қызмет атқаратын ұйым үшін уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді лицензия беру туралы өтініш берген күннің алдындағы қатарынан үш айдың ішінде орындау;

2) қолданыстағы санкциялардың, сондай-ақ лицензия беру туралы өтініш берген күннің алдындағы қатарынан үш айдың ішінде қолданылған санкциялардың болмауы.

10. Лицензиат лицензия алуға берген өтінішінде көрсетілген мекенжайы өзгерген жағдайда, сондай-ақ осы Қағидалардың 2-тармағының 3), 5), 6), 9), 10), 11), 12), 13) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап он күнтізбелік күн аралығында уәкілетті органға өзгеріс енгізілген құжаттарды ұсынады.

11. Уәкілетті орган лицензия беруден бас тартуды Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген негіздемелер бойынша жасайды. Өтініш берушіге лицензия беруден бас тарту туралы дәлелді себебі бар жауап лицензия беру белгіленген мерзімде, жазбаша түрде беріледі.

12. Лицензиат лицензияның қолданылуын тоқтату, қызмет түрінің (шағын түрінің) атауын өзгерту және (немесе) қызмет түрін (шағын түрін) алып тастау жөнінде уәкілетті органға ерікті түрде өтініш берген кезде акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде барлық қызмет түрі (шағын түрлері) немесе (лицензияның қолданылуын тоқтату туралы уәкілетті органға ерікті түрде өтініш берген жағдайда) немесе өзгеріс енгізілуі және (немесе) алынып тасталуы тиіс қызмет түрі (шағын түрі) бойынша барлық міндеттемелер орындалғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға ерікті түрде өтініш беруге байланысты лицензияның қолданылуын тоқтатуға, қызмет түрінің (шағын түрінің) атауын өзгертуге және (немесе) қызмет түрін (шағын түрін) алып тастауға уәкілетті органға өтініш береді.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараныз) қаулысымен.**

13. Уәкілетті органға лицензияның қолданылуын тоқтату, қызмет түрінің (шағын түрінің) атауын өзгерту және (немесе) қызмет түрін (шағын түрін) алып тастау туралы ақпаратты лицензиат Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде уәкілетті органға өтініш берілген күнге дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей жариялады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараныз) қаулысымен.**

14. Лицензиаттың бірінші басшысы қол қойған, уәкілетті органға ерікті түрде өтініш беруіне байланысты лицензияның қолданылуын тоқтатуға, қызмет түрінің (шағын түрінің) атауын өзгертуге және (немесе) қызмет түрін (шағын түрін) алып тастауға туралы лицензияны өтініш Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға ұсынылады. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) "электрондық үкімет" төлемдік шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда лицензиялық алымның төленгендігін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) лицензияның қолданылуын тоқтату, қызмет түрінің (шағын түрінің) атауын өзгерту және (немесе) қызмет түрін (шағын түрін) алып тастау жөніндегі лицензиаттың акционерлерінің жалпы жиналышының шешімі;

3) лицензиаттың барлық қызмет түрі (шағын түрлері) немесе өзгеріс енгізілуі және (немесе) алынып тасталуы тиіс қызмет түрі (шағын түрі) бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың жоқ болуы жөніндегі кепілдеме-хат;

4) лицензиаттың жеке шотындағы "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-ның есепке алу жүйесіндегі жеке шоттар мен барлық қосалқы шоттарды жабу туралы шотындағы "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-ның хаты немесе лицензиаттың атына ашылған жеке шотқа "жоғалған клиент" мәртебесін беру туралы Орталық депозитарийдің ақпараты;

5) депозитарлық қызмет көрсету шартын, ағымдағы шот шартын және факсимилді хабарлама түріндегі операциялық құжаттарды қабылдау және беру шартын (лицензияның қолданылуын тоқтату туралы уәкілетті органға ерікті түрде өтініш берген кезде) бұзы туралы "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-ның хаты;

6) барлық қызмет түрі (шағын түрлері) (лицензияның қолданылуын тоқтату туралы уәкілетті органға ерікті түрде өтініш берген кезде) немесе өзгеріс енгізілуі және (немесе) алынып тасталуы тиіс қызмет түрі (шағын түрі) бойынша "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның алдында берешектің жоқтығы туралы "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның хаты;

7) өтініш жіберген күннің алдындағы күні жасалған бухгалтерлік баланс және оған түсіндірме жазба. Бухгалтерлік балансқа түсіндірме жазбада кредиторлық берешек сомасын және олардың туындау негіздемелерін көрсете отырып, лицензиаттың кредиторлары туралы (олар бар болса) ақпарат жарияланады.

Осы тармақтың 4), 5) және 6) тармақшалары трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын лицензиатқа қолданылмайды.

Қызмет түрінің (шағын түрінің) атауы өзгерген кезде лицензиат Қағидалардың 2-тармағының 10) және 16) тармақшаларында көрсетілген қосымша құжаттарды береді.

Ерікті зейнетакы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметтің шағын түрін алып тастаған не ерікті зейнетакы жарналарын тарту құқығымен инвестиациялық портфельді басқару бойынша қызметтің шағын түрінің атауы ерікті зейнетакы жарналарын тарту құқығының инвестиациялық портфельді басқару бойынша қызметтің шағын түріне өзгерген жағдайда ерікті жинақтаушы зейнетакы қоры осы тармақта көзделген құжаттармен бірге ерікті жинақтаушы зейнетакы қорының, бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қорының, бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қорының

кастодиан банкінің, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкінің және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарушысының (осындай бар болса) бірінші басшылары немесе олардың орнындағы адамдар қол қойған ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ерікті зейнетақы журналары есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау-өткізу актісін береді.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органға қызметтің шағын түрін алғып тастауға немесе өзгертуге өтініш берген құнгे дейін атауынан "ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры" деген сөздерді және (немесе) "ЕЖЗК" деген аббревиатураларды алғып тастау бөлігінде мемлекеттік тіркеуді, сондай-ақ зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ерікті зейнетақы журналары есебінен зейнетақы активтері мен міндеттемелерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуды Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8810 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 216 қаулысымен (бұдан әрі – № 216 қаулы) бекітілген Ерікті зейнетақы журналарын тарту, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп таратуын жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы журналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару, және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы журналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияның және бағалы қағаздар нарығында қызметтің басқа түрлерін жүзеге асыруға берілген лицензияның негізінде жүзеге асыратын қызметі бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттарының жоқ екендігін растайтын құжаттардың тізбесін белгілеу қағидаларының 4-тарауында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Ерікті зейнетақы журналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға лицензияның қолданылуын тоқтату туралы уәкілетті органға ерікті түрде өтініш жасау № 216 қаулыға сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.10.2016 № 258 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.09.2018 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

14-1. Лицензия қайта ресімделген кезде лицензиат Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға өтініш ұсынады.

Бағалы қағаздаррында қызметті жүзеге асыруға берілетін лицензияның қайта ресімдеу Рұқсаттар және хабарламалар туралы зандада белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен жүргізіледі.

**Ескерту. 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-т. қараңыз); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2018 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

15. Қызмет түрінің (шағын түрінің) атауын өзгертуге және (немесе) қызмет түрін (шағын түрін) алып тастауға өтінішті Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген, заңнаманың талаптарына сәйкес ресімделген құжаттарды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті орган қарастырады.

Уәкілетті органға ерікті түрде өтініш беруге байланысты лицензияның қолданылуын тоқтатуға өтінішті Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген, заңнаманың талаптарына сәйкес ресімделген құжаттарды алған күннен бастап үш ай ішінде уәкілетті орган қарастырады.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

16. Лицензияның қолданылуын тоқтату, қызмет түрінің (шағын түрінің) атауын өзгерту және (немесе) қызмет түрін (шағын түрін) алып тастау туралы уәкілетті органға ерікті түрде өтініш беру:

- 1) Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген толық құжаттар пакетін ұсыну;
- 2) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуі;
- 3) қызмет түрінің (шағын түрінің) барлық түрлері (лицензияның қолданылуын тоқтату туралы уәкілетті органға ерікті түрде өтініш берген кезде) немесе өзгертуге және (немесе) алып тастауға тиіс қызметтің түрі (шағын түрі) бойынша міндеттемелердің жоқ екендігі талаптарын орындаған кезде жүргізіледі

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

17. Лицензиат Қағидалардың 16-тармағында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, уәкілетті орган осындай лицензиатқа ескертулерді көрсете отырып жазбаша жауап жібереді. Лицензиат өтінішті қайталап берген кезде уәкілетті органның оны қарау мерзімі оны қайталап берген күннен басталады.

18. Егер лицензия қағаздағы нысанда берілсе, лицензиат уәкілетті органның бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия беру (қайта

ресімдеу) туралы хатын алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға бұрынғы лицензияның түпнұсқасын қайтарады.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2018 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырma бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

19. Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша және сottың бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясы бар заңды тұлғаны лицензиядан айыруға байланыссыз негіздер бойынша тарату туралы шешімі бойынша жүргізіледі.

Уәкілетті орган қызметтің барлық немесе жекелеген тұрлери (шағын тұрлери) бойынша лицензияның қолданылуын тоқтата тұрады немесе лицензиатты лицензиядан айырады.

20. Уәкілетті органның қызметтің барлық немесе жекелеген тұрлери (шағын тұрлери) бойынша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе лицензиядан айыру туралы шешімі лицензиатқа орындау үшін көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде жіберіледі.

Уәкілетті органның инвестициялық портфельді басқарушы лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру немесе лицензиясынан айыру туралы шешімі орындау үшін бір мезгілде инвестициялық портфельді басқарушыға және осы инвестициялық портфельді басқарушы клиенттерінің шоттары ашылған кастодиандарға көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде жіберіледі.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.10.2016 № 258 (01.03.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

21. Лицензиат лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе лицензиядан айыру (оның ішінде қызметтің жекелеген тұрлери (шағын тұрлери) бойынша) туралы ақпаратты уәкілетті органның лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе лицензиядан айыру туралы шешімін алған күннен кейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсына жариялайды.

22. Лицензиясының қолданылуы, оның ішінде қызметтің жекелеген тұрлери (шағын тұрлери) бойынша тоқтата тұрылған лицензиат ай сайын әр айдың оныншы күннен кешіктірмей (лицензияның қолданылуы жаңартылған не лицензияны тоқтата тұру мерзімі аяқталған күнге дейін) уәкілетті органға өзінің анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі жүргізген іс-шаралары туралы хабарлайды.

23. Лицензиат уәкілетті органның қызметтің барлық немесе жекелеген түрлері (шағын түрлері) бойынша лицензиядан айыру туралы шешімін алғаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей лицензиат уәкілетті органға лицензияның түпнұсқасын қайтарады.

Уәкілетті органның қызметтің барлық немесе жекелеген түрлері (шағын түрлері) бойынша лицензиядан айыру туралы шешімін алған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде оған қатысты көрсетілген шешім қабылданған заңды тұлға қызметтің барлық түрлері бойынша немесе өзі лицензиядан айырылған қызметтің түрлері (шағын түрлері) бойынша шарттардың барлық міндеттемелерін орындайды және уәкілетті органға Қағидалардың 14-тармағы 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

**Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2018 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Бағалы қағаздар нарығында  
кәсіби қызметті жүзеге асыруға  
лицензиялар беру, оларды  
токтата тұру және олардан  
айыру қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

---

(уәкілетті органның толық  
атауы)

---

(өтініш берушінің толық атауы)

---

## Өтініш

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2018 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

---

(бағалы қағаздар нарығындағы қызмет түрлерін (шағын түрін) көрсету)

---

---

жүзеге асыру құқығына лицензия беруді сұраймын.

Өтініш беруші туралы мәлімет:

1. Орналасқан жері

---

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің нөмірі)

---

(телефон, факс нөмірі)

2. Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәлімет (Қазақстан Республикасының

бейрезиденті-занды тұлға үшін), бизнес – сәйкестендіру нөмірі (бар болса):

---

---

---

3. Жіберілетін құжаттар тізбесі, олардың әрқайсысы бойынша даналар мен параптердың саны:

---

---

Өтініш беруші өтінішке қоса берілген құжаттардың (ақпараттың) дәйектілігіне,

сонымен қатар уәкілдегі органға өтінішті қарауына байланысты сұратылатын қосымша

ақпарат пен құжаттарды уақтылы ұсынатынын растайды.

Өтініш беруші ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын

мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

---

---

---

(өтініш беруге уәкілдегі тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

---

(құні және қолы)

Бағалы қағаздар нарығында  
кәсіби қызметті жүзеге асыруға  
лицензиялар беру, оларды  
тоқтата тұру  
және олардан айыру  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

**Акционер (қатысушы) туралы мәліметтер (занды тұлға үшін) \_\_\_\_\_**

**(өтініш берушінің толық атауы)**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2018 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20 \_\_ жылғы " \_\_ "

1. Акционер (қатысушы):  
\_\_\_\_\_

(занды тұлғаның толық атауы)

2. Орналасқан жері және нақты мекенжайы \_\_\_\_\_

(пошта индексі, қаласы,  
\_\_\_\_\_

көшесі, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы (ол бар болса)

3. Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәлімет (Қазақстан Республикасының

бейрезиденті-занды тұлға үшін)  
\_\_\_\_\_

(құжаттың атауы, нөмірі мен берілген күні, кім берген)

4. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса) \_\_\_\_\_

5. Қызмет түрі \_\_\_\_\_

(қызметтің негізгі түрлерін көрсету)

6. Қазақстан Республикасының резиденті не бейрезиденті (қажеттінің астын сызу

керек):  
\_\_\_\_\_

7. Акционерге тиесілі дауыс беруші акциялар санының өтініш берушінің дауыс беруші

акцияларының жалпы санына пайыздық аракатысы немесе өтініш берушінің жарғылық

капиталына қатысу үлесі:

---

8. Өтініш берушілердің акцияларына ақы төлеуге ақша енгізу алдында өтініш берушінің акционері (қатысушы) меншікті капитал мөлшері (өтініш берушінің

жарғылық капиталына қатысу үлесі) және өтініш берушінің акциялары үшін ақы төлеу

сомасы (өтініш берушінің жарғылық капиталына қатысу үлесі):

---

9. Акционер, қатысушы ретінде өзге заңды тұлғаларды құруға және қызметіне өтініш берушінің акционері (қатысушысы) қатысуы жөніндегі мәліметтер:

Толық атауы	Орналасқан жері	Дауыс беруші акцияларының пайызы не жарғылық капиталына қатысу үлесі	Негізгі қызмет түрі
1	2	3	4

10. Ұйымдардың толық атауы, орналасқан жері көрсетілген өтініш берушінің акционері

(қатысушы) қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы мәліметтер:

---

11. Осы қосымшаның 9 және 10-тармақтарына сәйкес көрсетілмеген, бірақ Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес сондай болып табылатын акционер (қатысушы),

өтініш берушінің басқа үлестес тұлғалары туралы мәліметтер:

---

12. Өтініш беруші акционерінің (қатысушының) басшысы туралы мәліметтер:

---

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

20 \_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Өтініш беруші акционерінің (қатысушының) басшысының қолы

---

Бағалы қағаздар нарығында  
кәсіби қызметті жүзеге асыруға  
лицензиялар беру, оларды  
токтата тұру және олардан  
айыру қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

**Акционер (қатысушы) туралы мәліметтер (жеке тұлға үшін)** \_\_\_\_\_

**(өтініш берушінің толық атауы)**

Ескеरту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2018 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20 \_\_ жылғы " \_\_ "  
1. Акционер (қатысушы)

---

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

2. Туған күні

---

3. Азаматтығы

---

4. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (шетелдіктер, азаматтығы жоқ

адамдар үшін) \_\_\_\_\_

---

(құжаттың атауы, нөмірі, сериясы және берілген күні, кім берген)

5. Жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) \_\_\_\_\_

---

6. Тұрғылықты жері және занды мекенжайы \_\_\_\_\_

---

(пошта индексі, облысы, қаласы,

---

ауданы, көшесі, үйінің, кеңсенің нөмірі, электрондық пошта мекенжайы)

7. Телефон нөмірі (қаланың коды, үй және жұмыс) \_\_\_\_\_

---

8. Еңбек қызметі туралы мәліметтер

Осы тармақта бүкіл еңбек қызметі (сондай-ақ басқару органында мүшелігі), оның

ішінде жоғарғы оқу орнын аяқтаған сәттен бастап, сондай-ақ еңбек қызметін жүзеге

асырмаған кезең көрсетіледі.

№	Жұмыс кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны (егер каржы ұйымы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, каржы ұйымын тіркеу орнын көрсете отырып)	Лауазымы	Тәртіптік жазасының болуы	Лауазымынан босату себептері
1	2	3	4	5	6

9. Акционерге тиесілі дауыс беруші акциялар санының өтініш берушінің дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық арақатысы немесе өтініш берушінің жарғылық капиталына қатысу үлесі:

---

10. Өтініш берушілердің акцияларына ақы төлеуге ақша енгізу алдында өтініш берушінің акционері (қатысушы) меншікті капитал мөлшері (өтініш берушінің жарғылық капиталына қатысу үлесі) және өтініш берушінің акциялары үшін ақы төлеу сомасы (өтініш берушінің жарғылық капиталына қатысу үлесі):

---

11. Қатысушы, акционер ретінде өзге заңды тұлғаларды құруға және қызметіне өтініш беруші акционердің (қатысушының) қатысуы жөніндегі мәліметтер:

Толық атауы	Орналасқан жері	Дауыс беруші акцияларының пайызы не жарғылық капиталына қатысу үлесі	Негізгі қызмет түрі
1	2	3	4

12. Осы қосымшаның 11-тармағында көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сондай болып табылатын өтініш берушінің акционері (қатысушысы) басқа үлестес тұлғалары туралы мәліметтер:

---

Осы ақпаратты өзім тексергенімді және оның дәйекті және толық екендігін, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделдің болуын растаймын.

Дербес деректерді жинау мен өндеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Акционердің (қатысушының) қолы \_\_\_\_\_  
20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Бағалы қағаздар нарығында  
кәсіби қызметті жүзеге асыруға  
лицензиялар беру, оларды  
токтата тұру және олардан  
айыру қагидаларына  
4-қосымша  
Нысан

## Қазақстан Республикасының елтаңбасы

Уәкілетті органның толық атауы

### **Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға Лицензия**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2018 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Лицензияның номірі \_\_\_\_\_ берілген күні \_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

берілген.

(лицензиаттың толық атауы)

Осы лицензия бағалы қағаздар нарығында мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыру

құқығын береді:

Алғаш алғынған бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру үшін  
лицензиялар

туралы деректер:

---

---

---

---

---

---

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

Төраға (Төрағаның орынбасары) \_\_\_\_\_

Мер орны

Алматы қаласы

Бағалы қағаздар нарығында  
кәсіби қызметті жүзеге асыруға  
лицензиялар беру, оларды  
тоқтата тұру және олардан  
айыру қагидаларына  
5-қосымша  
Нысан

**Уәкілдегі органға ерікті жүгінуге байланысты лицензияның қолданылуын  
тоқтата тұруға, қызмет түрінің (шарын түрінің) атауын өзгертуге және (  
немесе) қызметтің түрін (шарын түрін) алыш тастауға өтініш**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының  
27.09.2018 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік  
жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

---

---

---

---

---

---

---

(лицензиаттың атауы)

акционерлерінің жалпы жиналышының

---

---

---

(өткізу орны)

\_\_\_\_\_ жылғы "—" № \_\_\_\_\_ шешіміне сәйкес  
бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген 20\_\_ жылғы "—"

№\_\_\_\_\_ лицензияның қолданылуын тоқтата тұруын,  
бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген  
20\_\_ жылғы "—" №\_\_\_\_\_ лицензиядан төмендегі қызметтің  
түрін (шағын түрін) өзгертуін:

---

\_\_\_\_\_,  
(қызмет түрінің (шағын түрінің) атауы)  
бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген  
20\_\_ жылғы "—" №\_\_\_\_\_ лицензиядан төмендегі қызметтің түрін (ш  
ағын  
түрін) алып тастауды:

---

\_\_\_\_\_,  
(қызмет түрінің (шағын түрінің) атауы)  
жүзеге асыруды (керегін таңдап алу) сұрайды.

Лицензиат өтінішпен қоса берілген құжаттар мен ақпараттың дәйектілігін, сондай-ақ

өтінішті қарасты байланысты сұралатын қосымша ақпараттың және құжаттардың

уәкілетті органға уақытылы берілуін растайды.

Қоса берілген құжаттар (жіберілген құжаттардың атаулы тізбесін, әрқайсысы бойынша

дана және парақ санын көрсету керек):

---

---

---

---

---

Лицензиаттың атқарушы органдының басшысының не өтініш беруге уәкілетті тұлғаның  
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (растайтын құжаттарды қоса бере отырып)

---

---

(қолы)

(күні)

Бағалы қағаздар нарығында  
кәсіби қызметті жүзеге асыруға  
лицензиялар беру, оларды  
токтата тұру және олардан  
айыру қагидаларына  
6-қосымша  
Нысан

(уәкілдепті органның толық  
атауы)

(өтініш берушінің толық атауы)

## **Өтініш**

Ескеरту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2018 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

---

—  
(лицензияны қайта ресімдеу себебін көрсету керек)  
байланысты

(лицензияның атауын көрсету керек)  
лицензияны қайта ресімдеуді сұраймын.

Жіберілетін құжаттар тізбесі, олардың әрқайсысы бойынша даналар мен параптардың  
саны

---

Өтініш беруші өтінішпен қоса берілген құжаттар мен ақпараттың дәйектілігін  
, сондай-

ак өтінішті қарauғa байланысты сұralатын қосымша ақпараттың және  
құжаттардың  
уәкілдепті органға уақтылы берілуін растьады.

Өтініш беруші ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны  
курайтын  
мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Өтініш берушінің атқаруышы органының басшысының не өтініш беруге уәкілетті

тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (растайтын құжаттарды қоса бере

отырып)

---

(қолы)

(куні)

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2014 жылғы 26 ақпандығы  
№ 25 қаулысына  
қосымша

## **Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының күші жойылған қаулыларының тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру үшін лицензиялар берудің талаптары мен тәртібі туралы қағидаларды бекіту туралы" 2012 жылғы 24 ақпандығы № 87 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7534 тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2012 жылғы 19 маусымда № 330-335 (27409) жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" 2012 жылғы 24 тамыздағы № 235 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8009 тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2012 жылғы 21 қарашада № 763-767 (27839) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесінің 7-тармағы.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 110 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8505 тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2013 жылғы 6 тамызда № 115 (2316) жарияланған) бекітілген Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесінің 32-тармағы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК